

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

Қиылыш-қиылыш «Қызы Жібек»

Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музикалық драма театрында тағы бір туындының тұсауы кесілді. Ол – үлттық классикамыздың қастерлісі «Қызы Жібек»!

«Қызы Жібекке» құштарлық

Рас, үлттымыздың көне мұрасы – «Қызы Жібекпен» қазіргі көрерменді таңғалдыру қыын. Себебі алғашқы опера театры ашылғанын әйгілеген ақжолтай жаңалықтың басында түрған эпостың сахнаға көшкеніне де келесі жылы 90 жыл толады екен. 1934 жылдан бері үздіксіз қойылып келе жатқан қазақ әдебиетінің теңдессіз жаунары осы күнге дейін опера да болды, драма да айналды, кино тілінде де үн қатты. Және әрқайсысы өз ерекшелігімен өнер тарихында жазылып қалды. Еліміздің өзге қалаларын айтпағанда, бүгінде бір ғана елорда театрының барлығының дерлік репертуарында өз көрерменін тапқан «Қызы Жібекі» жүріп жатыр. Атап айтсақ, Жастар театрында мюзикл жанрында сөйлеген туындыны «Астана мюзикл» театры өз репертуарында тағы жаңғыртты. Бірнеше жыл бұрын Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында лиро-эпос деп ұсынылса, жақында Музикалық жас көрермен театрында этно-фольклорлық мюзикл болып қайта жанданды.

«Қазақ театрларының сахнасында бір туынды сәтті қойылса, соны өзге театрлар да нақ бір эстафетадай іліп әкетіп, бәрі бірдей сол шығармаға байланып қалуы театр үшін табыс па, әлде олқылық па?» деп те ойланасың осындайда. Себебі бұл бір ғана мысал емес. Мәселен, аталған тізімді М.Әуезовтің «Қаралғазі» мен У.Шекспирдің «Ромео мен Жульєттасынан» бастап, Г.Хугаевтың «Қара шекпені», М.Г.Лорканың «Бернарда Альбаның үйі», Қ.Жұнісовтің «Алғашқы махаббаты» және тағысын тағылар осылай жалғастырып алып кете береді. Ал сол көшті «Қызы Жібектің» бастайтыны қуантады әлбетте. Өйткені өнерге әркімнің-ақ бар таласы. Театр өнеріндегі тәжірибелер мен жаңашыл үрдістер үлттық классикаларымызда да өз бедерін тауып жатса, әрине бұл театр үшін зор табыс екені даусыз. Ал кемшилігі – барлық театрдың репертуары инкубатордан шыққандай біртектілікке ұрынатындығы. Бұл, әсіресе, театр фестивальдарында айқын көрінеді. Әйтсе де, әр театрдың өз репертуарлық саясаты, әр өңір көрерменінің өз талғамы бар екенін ұмытпауымыз да қажет шығар...

«Классикадан классика жасағым келді»

Хош, сонымен әңгімеміздің әлқиссасы «Қызы Жібекке» қайта оралсақ. Ауқымды премьераға 50 актер, 36 оркестр мүшесі, техникалық және шығармашылық құрамды қосқанда жалпы саны 120-дан астам адам тартылған. Режиссердің айтуынша, дайындық жұмысы наурыз айында

басталып, жарты жылдан аса уақыт жүргізілген. Жеті айға жуық жаңын салып ізденген труппа жұмысы қай деңгейде? Тұпкі нәтиже мінсіз болды деп айта аламыз ба?..

«Қыз Жібек» Қ.Қуанышбаев театрының тарихында тұңғыш рет қойылып отырған жоқ. Бірақ театр ұжымы ә дегенмен-ақ бұл спектакльдің бедері бөлек болатынын кесіп айтты. Әуелгі ерекшелік – шығарманың сахналық сарапталуы мен жанрында болатыны да жақсы жарнамаланды: «Қазақстанда опера жанры XX ғасырдың 30-жылдары туды. 1934 жылы қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібек» драмалық опера түрінде сахналанды. Ғасырға жуық уақыттан кейін ұлттымыздың інжу-маржаны «Қыз Жібек» операсын көрермен назарына драмалық опера жанрында қайта ұсынбақызы. Жаңаны тудырғың келсе, өткенге қайта орал. Бәрі басталған нүктеге...» деді өнер тудырушы труппа.

Осыдан кейін-ақ спектакль семантикасына барынша дайын болып бардық. Оның үстіне қойылым режиссері Әлібек Өмірбекұлы да премьера алдында берген сұхбатында: «Қыз Жібекті» мен басқаша көрдім. Жүсіпбек Шайхысламұлының эпостық нұсқасын оқыған сэтте-ақ драмалық опера бағытында қоямын деп шештім. Ішкі суреткерлік әлемім одан басқаға ойымды бүрғызбады. Жырды өзгеше оқу қойылымның көркемдігін толықтай бере алмайтындей сезілді. Сондықтан да осы нұсқаға ойланбастан тоқталдым. Менің режиссерлік көруімде бұл «Қыз Жібек» сондай таза, мөлдір әрі сыршыл қалыпта суреттелетін болады. Ал жанрына келсек, ең алғашқы ұлттық опера саналатын туынды 1934 жылы ашылған опера театрының беташары іспетті әрбір қазақ үшін, өнерсүйер қауым үшін бағалы деп ойлаймын. «Қыз Жібек» – өте мықты туынды. Оны мен Пушкин, Гетедей әлемдік классика алыптарының атақты «Сұлтан патша туралы ертегі», «Фауст» сияқты шығармаларымен қатар қоямын. Ендігі міндет – сол ұлы мақсатымды өз деңгейінде сахнаға шығару. Классикада уақыт жоқ. Ол кеше болған, бүгін болып жатыр, ертең де болады. Классикадан классика жасағым келеді», деген еді.

Тілің қайда, «Қыз Жібек»?

Шынымен де, бұған дейін көбінесе ғ.Мүсіреповтің либреттосына басымдық беріліп келген театр сахнасындағы «Қыз Жібектердің» көпшілігінен Әлібектің сараптауы жырды сөйлетуімен ерекшеленді. Осы арқылы ұрпақ жалғастығы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, махаббаттағы құндылықтар, адами асыл қасиеттер һәм соның бүгінгі замандағы көрінісін салыстырып, салғастыра беруге деген талпынысы қуантты. Режиссер негізгі басымдықты осы құндылықтарға бұрған да, өзі уәде еткен сыршылдық, сезім, махабbat сахналарын босаңсытып алған. Сыртқы қақтығыстар ғана емес, актерлердің ішкі қайшылықтары да бәсек, солғын. Әсіресе Бекежан – Ержан Нұрымбет, Шеге – Ұлан Қабыл, Төлеген – Олжас Жақыпбектің ойыны әлі де

ізденіске, тіпті қайта сараптауға сұранып түр десек, қателеспейміз. «Режиссердің мақсаты осы болды», деп қарсы дау айтыларын білсек те, ұлттық классиканың бедерін бұзып, ғасырды ғасырға жалғап оқушысын тамсандырып келген жырдың, тіпті F.Мұсірепов тудырған либреттоның бай тілін осыншалықты қарабайырландыру, одан қала берді қазақтың жырларында берілетін небір сұлу суреттеулерді арзан әзілдің астына жығып беру - режиссер Әлібек Өмірбекұлына да, қойылымның сахналық нұсқасын жасаған, диалогтерді түрлендірген инсценировка авторлары Мирас Әбіл мен Ләzzат Алпысбаеваға да үлкен сын екенін баса айтқымыз келеді. Режиссердің өзі мойындағандай, қазақтың бүкіл болмысын беретін ұлттық жаунарымызды көше тілінің көлеңкесінде көмекілендіруді қандай жаңашылдығының да, экспериментің де ақтай алмаса керек. Көше тілін көтеретін қойылымдар болады, керінше бар сұлулықты қарабайырлыққа айналдыру қылмыстай қабылданатын туындылар болатынын және қаперден шығармаған жөн. Ұлттың өзіне айналған «Қыз Жібек» - соңғы санатта. Инсценировка жасаушылардың «Қыз Жібектің» құндылығы мен көркемдігін «Дон Кихоттың» (режиссері Әлібек Өмірбекұлы) деңгейіне қойғаны (дұрысы түсіргені) - көз жұма қарай алмайтын олқылық. Қазақта «Өзгенің қаңсығын таңсық көріпті» деген жақсы сөз бар. Дәл осы тенеу «Қыз Жібекті» «құбылтқыш» реформаторларға да тура бағытталғандай. Әлде «қазақ көрермені айшықты ана тілін түсінуден мақрұм» деп ойлады ма еken шығармашылық топ? Ұлттың жаунарын жаңың жылайтындағы осыншалықты дүбәра күйге жеткізудің қаншалықты қажеттілігі болды еken? Заманаулық дегеніміз көрермен деңгейіне түсе бермей, керінше театр келушісін өз биігіне ұмтылдыруымен ұтымды емес пе? Ал жаңалық жасаймыз деп дәл осындай жаңсақтыққа ұрыну, тіпті де жасампаздық болмаса керек-ті.

Жанрды жатсыну

«Жанрларды біріктіру қын, себебі бір жанр екіншісін басып тастамауы керек. Жаңа ештеңе ұсынбаймыз. Тамырымызға оралып, туындыға жаңа қырынан қарап көруге шақырамыз. Спектакльге көп дайындалдым, бірақ енді ғана қойғалы жатырмын. Ұлттық тақырыпты алғаннан кейін актерлер орасан зор жауапкершілікті арқалап отыр. Біз қойғалы отырған кей дүние көрерменге ұнамауы мүмкін. Спектакльде қойылған дүниемен бәрі келісе бермейді. Адамдарды, аға буынды ренжіту ойымда жоқ. Дау да болады. Оның бәріне дайынбыз», деп режиссер көрерменін ай бұрын дайындалап, жарқын жарнамасымен қызықтырған жаңа қойылымның тағы бір олқы түскен жері - Қыз Жібектің өзі. Кезінде ұлағатты ұстазымыз, театр білгірі Әшірбек Сығай: «Егер театрында Гамлетке лайық актерің болмаса, онда Шекспирге жоламағаның абзал» дегенді жиі қайталап отырушы еді дәрістерінде. «Қаллеки» театрының

Қыз Жібегін көргенде аңы да болса сыншының дәл осы сөзі ойымызға орала берді. Сол себептен, бәлкім шарасыздықтан да болса керек, режиссер Жібекті жармақ етіпті. Біз көрген құрам ойыныңда драмалық нұсқасын - «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ақмарал Танабаева, операсын Амира Омарова орындады. Сол секілді Төлеген бейнесін Олжас Жақыпбек пен Бибарыс Орман теңдей бөлісті. Иә, рөлдің сантарапты қырынан ашылуы үшін кейде жармақ әдіске бару ұтымды болатын жағдайлар болады. Бірақ дәл осы қойылымда бұл әдісті аса сәтті шешімдердің қатарына қоса алмас едік. Себебі кейіпкер характерін қалыңдату үшін емес, жанрына сай екіге бөлінгендейтін, спектакль жалпы көркемдік тұтастығынан айырылған. Салдарынан режиссердің жанрға қатысты жоғарыда айтылған қаупі расталды. Бірақ, өкінішке қарай, сахнада бірін бірі басып тастау қаупін тудырар жақсы мағынасындағы жарысқан жанrlар шарпысы мен көркемдік қақтығыстың емес, орта деңгейдегі драма мен жарқырай алмаған операның күесі болдық. Әсіресе ән айту міндеті жүктелген актерлердің бейне мінсіздігінен гөрі, нотаға дөп тұсу, ариясын әлсіретпей айтып шығу алаңы тыңдалап отырған бізге анық сезіліп тұрды. Ал әлі толық пісіп жетілмеген бейнелердің әлбетте жүрекке де дөп тұсуі – екіншідай мәселе. Сондықтан болса керек, жекелей орындаушылардың (солист) – Шегенің де, Жібектің де ізденісінен ірлік тани алмадық. Жүректі шымырлатып, жаныңды жылататын Жібектің (Амира Омарова) жоқтауы сезімді суырып, көнілді қозғамады. Кезекті айтылып жатқан көп арияның біріндегі әсерде қалдырыды. Драмалық рөлдегі Жібек те (Ақмарал Танабаева) сыртқы сұлулығымен сүйсіндіргенімен, кейіпкерінің ішкі көңіл күйін жеткізуде теңіздің бетін ғана қалқумен шектелді. Ал сахнадағы шайқастан, әрекеттен саналы түрде бас тартқан режиссер тарапынан қойылымның динамикасын беруде, әсіресе осы айтылар ариялар мен актерлер репликасының барынша қуатты шығуына мән берілсе, бәлкім спектакльдің сананы селт еткізер әсері де бөлек болар ма еді деген бір ой қалды көңіл түкпірінде.

Бәрі басталған нұктеге...

Иә, жырдағы негізгі бас кейіпкерлер бейнесі кейіпкержандылыққа есе жіберіп алғанымен, есесіне Базарбай мен Қамқа бейнесінде көрінген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткери Нұркен Өтеуіл мен Мәдениет саласының үздігі Бақыт Жұмағұлованың тандемі сәтті сарапталды. Әсіресе Қамқа рөліндегі Бақыт Жұмағұлованың сахнадағы сөзді салмақтап жеткізу шеберлігі де, жалғызын Шекті еліне шығарып салардағы қоштасу ариясы да жүректі жанды тебірентпей қоймады. Ана мен бала арасындағы қуатты байланысты бейнелілік биігінде айрықша айшықтап көрсете білді. Сондай-ақ Төлеген партиясында көрінген Бибарыс Омар мен Қарлығаш – Ситора Анварованың қойылымдағы

орындаушылық өнері де атап өтуге тұрарлық жақсы жұмыстар санатында.

Ал хор туралы айтылар әңгіме бөлек. «Қыз Жібек» драмалық операсының Евгений Брусиловскийдің музыкасымен көркемделген жыр желісін, жалпы оқиға атмосферасын жеткізуде театр әртістерінен құралған хор еңбегі шын мәнінде сүйсінні. Хормейстер Ержан Сансызбаев пен дирижер, Мәдениет саласының үздігі Ерлан Бейсембаевтың тандеміндегі өрелі өнер Е.Қуанышбаев театрының симфониялық оркестрінің сүйемелдеуімен жаңаша көркемдік биікке көтерілді. Хор мен оркестр жұмысын тыңдалап отырып, еліміздегі музикалық мәртебесі бар театрлардың бәріне осындай табысты ізденіс тілегің келеді.

Бұл «Қыз Жібектің» тағы бір табысы – декорация, яғни кеңістік пен костюм. Шығармашылығын бақылап жүргенде байқағанымыз, Әлібек Өмірбекұлы өзі қойған спектакльдерінде сахнадағы декорация мен костюмдерге айрықша көніл бөледі. Сондықтан болса керек, қойылымның сахналық шешіміне суретші Шынар Елембаевамен бірге режиссердің өзі де теңдей тер төгіпті. Ол қойылым атмосферасынан да анық сезіледі. Аппақ әлем, ондағы еркін кеңістік пен метафоралар, сахнадағы минимализм, актерлердің үстіндегі костюмдердің стильтік шешімі, символдық астары – барлығы-барлығы айқын оқылып тұр. Қыз Жібек – Ақмарал Танабаеваның үстіндегі қызыл бешпет қандай қонымды, сұңғақ бойлы сұлудың талдырмаш бітіміне қалай әсем қона кеткен! Қамқа – Бақыт Жұмағұлова, Айгөз – Алтынай Нөгербек, Қаршыға – Нартай Сауданбекұлы, Дүрия – Бегімнұр Қалила – бәрі-бәрі режиссердің бүгінімізден ізденген мынау аппақ дүниенің, сыршыл әлемнің әсем кейіпкерлерін визуалды түрде көзге көркем жеткізеді. Бастысы, сахнада тазалық бар. Сол тазалық демалтады.

Әйтсе де, бұл әсемдік қойылымның мазмұндық, режиссерлік һәм актерлік ізденістер шешіміндегі олқылықты ақтай алмайды. Әсіресе қос жанрды біріктіру мен оны сахнада жандандыруда кеткен кемшіліктер әлі де жүйелі, тыңғылықты ізденіске сұранып тұр. «Алғашқы опера»мыз әу баста драмалық опера жанрында жасалған. Жаңаны тудырғың келсе, өткенге қайта орал. Бәрі басталған нұктеге...» деген сәулелі сөз арқылы алғашқы һәм қазіргі театрдың арасындағы 90 жылдық өткелге өрелі өрнек салуға ұмтылған Өмірбекұлының ойы да, талпынысы да құптарлық. Ғасыр бүрын алғашқы театрдың туын көтерген «самородоктардың» сара жолын бүгінгі білімі мен ізденісі мол кәсібилер одан әрі кемелдендіріп, іргелі ізденіс жолында көркемдік биікке көтере алса, жақында ұлттық мәртебе алғалы отырған Ұлт театрының беделін биіктетіп, мәртебесін одан әрі асқақтата түспей ме?

P.S. Жалпы, «театралдар» арасында «Жақсы спектакль көргің келсе, премьераңың сегізінші күніне бар» деген қағида бар. Оны режиссер Әлібек

Өмірбекұлы да қадап айтты. Ендеше, сол сегізінші қойылымды күтейік. Балқім, бұғаңгі кемшиліктер түзелер, олқылықтардың орны толар... Себебі театр – жанды өнер. Уақытпен бірге әртістердің де шеберлігі кемеліне келер деп сенейік.

Назерке ЖҰМАБАЙ